

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 105 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33851 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2024 жылғы 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап 2024 жылғы 11 қарашаға дейін Тізбенің 2-тармағының елу төртінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

"16. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде жөнелтуші төлем тапсырмасымен бір уақытта банкке көрсетілген жарналар және (немесе) аударымдар төленетін адамдардың тізімін ұсынады.

Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдар және (немесе) жарналар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін адамдардың тізімдері (бұдан әрі – тізім) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32897 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 270 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32957 болып тіркелген) бекітілген Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 520 қаулысымен бекітілген Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес ресімделеді."

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.06.2024 № 33 (30.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 105 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 200 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14289 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 20) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарда:

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру кезінде төлем жүйесінің терминалы не оның қосымшасы арқылы төлем хабарларын жасау функциясы болған кезде бір адамның Талаптардың 51-тармағында көрсетілген әртүрлі адамдар санаттарының функцияларын (толық немесе ішінара) атқаруына жол берілмейді."

2. "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 1-бабында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақша аударуға өтініш – ақша жөнелтушінің Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайларда қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде пайдаланатын төлем құжаты;

2) банкаралық төлем тапсырмасы – ақша жөнелтуші және бенефициар банктер болып табылатын төлем тапсырмасы;

3) дебеттік аударымдар – ақша жөнелтушінің төлеуі үшін бенефициардың банкке төлем талабын, төлем ордерін, инкассолық өкімді ұсынуы арқылы жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

4) картотека – ақша жөнелтушінің банк шотында оларды орындау үшін қажетті ақша сомасы жоқ болғанда не жеткіліксіз болған кезде орындалмаған және (немесе) ішінара орындалған төлем құжаттарын баланстан тыс есепке алу;

5) кредиттік аударымдар – бастамашының ақша жөнелтушінің банкіне төлем тапсырмасын, жиынтық төлем тапсырмасын, төлем ордерін, төлем хабарламасын немесе ақша аударуға өтінішті ұсынуы арқылы жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

6) нақты төлеуші – міндеттемесін орындау үшін төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын тұлға;

7) нақты (түпкілікті) бенефициар – ақшаның түпкілікті алушысы немесе пайдасына міндеттеме орындалатын тарап болып табылатын тұлға;

8) уәкілетті адамдар – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) талаптарына сәйкес (құрылтай құжаттары, сенімхат, бұйрық, өзге құжаттар) заңды тұлғалардың, заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшелерінің (филиалдар, өкілдіктер, аумақтық оқшауланған бөлімшелері) атынан клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты

операцияларды жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға өкілеттік берілген адамдар.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Шетел валютасында ақша аударуға арналған өтінішті қоспағанда, қағаз тасымалдағыштағы және (немесе) электрондық нысандағы төлем тапсырмасында, төлем талабында, инкассолық өкімде, төлем ордерінде, төлем хабарламасында және ақша аударуға арналған өтініште (бұдан әрі – төлем құжаты) мынадай деректемелер қамтылады:

1) төлем құжатының атауы;

2) төлем құжатының нөмірі, оның цифрлармен көрсетіліп жазылған күні, айы, жылы.

Қағаз тасымалдағышта берілген төлем құжаттарында айды жазумен белгілеуге жол беріледі;

3) заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің, аумақтық оқшауланған өкілдіктің (бұдан әрі – оқшауланған бөлімшелер), сондай-ақ нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, толық немесе қысқартылған атауы;

4) дара кәсіпкердің толық немесе қысқартылған атауы, ақша жөнелтушінің, бенефициардың, сондай-ақ нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың ұйымдық-құқықтық нысаны (бар болса);

5) жеке кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкердің толық немесе қысқартылған атауы, ақша жөнелтушінің, бенефициардың, сондай-ақ нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

6) ақша жөнелтуші жеке тұлғаның, бенефициардың, сондай-ақ нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Аты мен әкесінің атын (ол бар болса) инициалдармен көрсетуге жол беріледі;

7) ақша жөнелтушінің және бенефициардың жеке сәйкестендіру коды.

Жеке тұлғада жеке сәйкестендіру коды болмаған жағдайда, оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ пошталық мекенжайы (ел, қала, көше, үйдің және пәтердің нөмірі) көрсетіледі;

8) ақша жөнелтуші банктің және бенефициар банктің ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, толық немесе қысқартылған атауы, олардың банктік сәйкестендіру кодтары;

9) төлем белгілеу, сондай-ақ оның код белгіленімі.

Төлем құжаттарындағы төлем белгілеудің код белгіленімінің дұрыс көрсетілуін бастамашы қамтамасыз етеді;

10) цифрлармен және жазумен көрсетілген төлем сомасы. Жазумен берілген сомадағы тиындар цифрлармен көрсетіледі.

Егер цифрлармен көрсетілген төлем сомасы тиын көрсетілмей теңгемен берілсе, онда тиын жазумен берілген сомада көрсетілмейді;

11) Қағидаларда көзделген, сондай-ақ ақша жөнелтуші немесе бенефициар шетелдіктер және (немесе) азаматтығы жоқ адамдар болып табылған жағдайларда жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) (бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) көрсету талап етілмейтін төлем құжаттарын қоспағанда, ақша жөнелтушінің, бенефициардың, сондай-ақ нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың ЖСН немесе БСН.

Ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың ЖСН (БСН) көрсету талап етілмейтін төлем құжаттарында олардың мекенжайы (жеке және заңды тұлғалар үшін) не жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) деректемелері көрсетіледі;

12) ақша жөнелтушінің коды (Ажк) және бенефициардың коды (Бек). Ақша жөнелтуші немесе бенефициар Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, резиденттік елі – ҚР ҰС ISO 3166-1-2016 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары" Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес тиісті елдің екі әріптен тұратын коды көрсетіледі;

13) бастамашының немесе оның уәкілетті адамдарының қойылған қолдары;

14) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемді, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу кезінде көрсетілген төлемдер төленетін кезең (айы, жылы).

Банкаралық төлем тапсырмасында Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6), 7), 11), 12) тармақшаларында көзделген деректемелер, сондай-ақ төлем құжатының нөмірі көрсетілмейді.

Егер нақты төлеуші, нақты (түпкілікті) бенефициар тиісінше ақша жөнелтушімен, бенефициармен бір тұлғада сәйкес келсе, оларды көрсету талап етілмейді.

Нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың деректемелерін дұрыс көрсеткені үшін бастамашы жауапты болады.";

мынадай мазмұндағы 7-2-тармақпен толықтырылсын:

"7-2. Қағидалардың 7-тармағында көзделген міндетті деректемелерден басқа, төлем құжаттарының электрондық нысандарында оператор немесе төлем жүйелерінің операциялық орталығы бекіткен хабар форматтарына сәйкес қосымша деректемелерді көрсетуге рұқсат етіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ақша жөнелтушінің, бенефициардың, нақты төлеушінің және (немесе) нақты (түпкілікті) бенефициардың атауы, сондай-ақ ақша жөнелтушінің, бенефициардың жеке

сәйкестендіру кодтары жиынтық төлем тапсырмасын қоспағанда, төлем құжатында бір рет көрсетіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Төлем тапсырмасы ақша жөнелтушінің банкке төлем тапсырмасында көрсетілген сомада және деректемелерге сәйкес бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы туралы нұсқауын білдіреді.

Ақша жөнелтуші қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын бенефициардың пайдасына Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асыру үшін банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмасын ұсынады.

Банкаралық төлем тапсырмасы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптасады.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде ақша жөнелтуші Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынады.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде ақша жөнелтушінің Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынуына жол беріледі.

Ақша жөнелтуші "төлем белгілеу" бағанында төлемнің белгіленуін, қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың (ол бар болса) атауын, нөмірі мен күнін және Қағидаларда көзделген өзге деректемелерді көрсетеді, сондай-ақ "төлем белгілеу коды" бағанында төлемнің код белгіленімі көрсетіледі.

Бюджетке төлемдер төлеу кезінде төлем тапсырмасында бюджеттік сыныптау кодының цифрлық белгісі көрсетіледі. Төлем тапсырмасында бюджеттік сыныптау кодын дұрыс көрсетуді жөнелтуші қамтамасыз етеді.

Заңды тұлға бюджетке төлемдерді, сондай-ақ өзінің оқшауланған бөлімшелері үшін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеген кезде "Нақты төлеуші" бағанында міндеттемелері бойынша төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесінің атауы, ал "ЖСН (БСН)" бағанында – оның БСН көрсетіледі.

Көлік құралының салығын (оның ішінде электрондық қондырғы арқылы) төлеу кезінде "Төлем белгілеу" бағанында мынадай жүйелілікпен "VIN" деген сөз, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, "/V" символдары, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Сот орындаушысы атқарушылық өндіріс шеңберінде борышкердің міндеттемелері бойынша бюджетке төлемдерді төлеуі кезінде "Нақты төлеуші" бағанында төлем

жүзеге асырылатын борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), сондай-ақ "ЖСН (БСН)" бағанында – оның ЖСН көрсетіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша айыппұлдар төлеу кезінде "Төлем белгілеу" бағанында "ADM" деген сөз, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі материалдың сәйкестендіру нөмірі, "/А" символдары, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.";

16-тармақ алып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, кедендік төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемді, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде, жөнелтуші банкке жиынтық төлем тапсырмасын ұсынады.";

22-тармақ алып тасталсын;

23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Ақша жөнелтушінің банкі жиынтық төлем тапсырмасын Қағидаларда белгіленген төлем құжаттарын ресімдеу мен ұсынуға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексереді және жиынтық төлем тапсырмасында көрсетілген жалпы ақша сомасының төлем тапсырмаларының сомасына сәйкестігін тексереді.

24. Бенефициардың банкі ақша жөнелтуші жиынтық төлем тапсырмасында көрсеткен деректемелер негізінде бенефициарлардың пайдасына ақша есептейді.";

25 және 26-тармақтар алып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Бенефициардың банкі жиынтық төлем тапсырмасында көрсетілген деректемелерде қателерді анықтаған жағдайда, банк қате жіберілген нұсқауды қоспағанда, жиынтық төлем тапсырмасын орындайды және қате нұсқауды алған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей ол бойынша соманы қайтарады."

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Заңды тұлға өзінің оқшауланған бөлімшелері үшін бюджетке төлемдер төлеген кезде төлем хабарламасында "Ақша жөнелтуші" бағанында заңды тұлғаның атауы, БСН, мекенжайы және телефоны көрсетіледі. "Нақты төлеуші" бағанында міндеттемелері бойынша төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесінің атауы, оның БСН көрсетіледі.

Көлік құралдарына салық төлеу кезінде "Төлемнің атауы" бағанында көлік құралының сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Бұл деректеме төлем хабарламасының "

Төлемнің атауы" бағанында "Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салық" деген жазудың астында мынадай жүйелілікпен көрсетіледі: "VIN" деген сөз, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, "/V" символдары.

Бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем хабарламасында оның атауына сәйкес келетін бюджеттік сыныптау коды көрсетіледі. Бенефициар деректемелерінің және бюджеттік сыныптау кодының дұрыс көрсетілуін жөнелтуші қамтамасыз етеді. Салық төлеушінің ақша жөнелтуші банкіне қолма-қол ақшаны енгізу күні ақша жөнелтушінің төлем хабарламасында көрсеткен күнімен сәйкес келуге тиіс.

42. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге арналған, елуден астам бенефициары бар төлем хабарламасы ақша жөнелтушінің банкіне Қағидалардың 21-тармағына сәйкес ұсынылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Төлем талабы және қоса берілген төлем талаптарының тізілімі оның жазылған күнін көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде банкке ұсынылады. Бұл ретте төлем талабын толтыру күні төлем талаптарының тізілімін толтырған күнге сәйкес келеді.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімінде қосымша бюджеттік сыныптау кодтары, операция түрі көрсетіледі.

"Операция түрі" жолында тиісінше кодтар көрсетіледі:

03 – мемлекеттік кірістер органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына берілген инкассолық өкімі;

04 – мемлекеттік кірістер органының дебитордың банктік шотына берілген инкассолық өкімі;

05 – кеден органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына берілген инкассолық өкімі

07 – мемлекеттік кірістер органының міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша берешегі бар агенттің банктік шотына берілген инкассолық өкімі;

09 – мемлекеттік кірістер органының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегі бар төлеушінің банктік шотына берілген инкассолық өкімі.

Мемлекеттік кірістер органының міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша

берешекті өндіріп алуға берілген инкассолық өкімі "бенефициар" және "бенефициар банкі" бағандарында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының деректемелері көрсетіле отырып, Қағидаларға 15-1 және 15-2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

Егер Қағидаларға 15-1 және 15-2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалатын мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдерінде берешек пайда болған оннан астам бенефициар болған жағдайда, онда мұндай инкассолық өкімдерді мемлекеттік кірістер органдары ақша жөнелтушінің банкіне электрондық түрде ұсынады.";

114-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"114. Бюджетке міндетті төлемдер банктердің электрондық терминалдары арқылы жүзеге асырылған кезінде чекте Қағидалардың 113-тармағында көзделген деректемелерден басқа, мынадай деректемелер қамтылады:

1) клиенттің ЖСН немесе БСН;

2) егер ақша жөнелтуші мен нақты төлеуші бір тұлға ретінде сәйкес келмесе, нақты төлеушінің ЖСН немесе БСН;

3) бюджеттік сыныптау кодының цифрлық мәнін көрсете отырып, бюджетке төленетін төлемдердің атауы;

4) мемлекеттік кірістер органының коды (цифрлық мәні).

Чекте банк белгілеген қосымша деректер қамтылады.";

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы (бұдан әрі – төлем ұйымы) электрондық терминалдар арқылы төлем жүргізу үшін қолма-қол ақшаны төлем ұйымы және көрсетілетін қызметті жеткізуші арасында жасалған шарт негізінде қабылдайды. Төлемді жүзеге асыру кезінде мынадай деректемелерді қамтитын чек беріледі:

1) құжаттың нөмірі, оның шығарылған күні, айы, жылы;

2) төлем ұйымының атауы (коды);

3) төлем сомасы;

4) төлем валютасы;

5) төлем жүргізу уақыты;

6) төлем жүргізуді сәйкестендіруші код.

Чекке қосымша деректемелер қосуға болады.

Төлем ұйымы банкпен осындай қызмет көрсету жөнінде агенттік шарт болған кезде банктік шотты ашпай, бюджетке төлемдерді қабылдайды. Бюджетке төлемдерді жүзеге асырған кезде чекте осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген деректемелерден басқа банктің атауы және БСК, ақша жөнелтушінің ЖСН (БСН), нақты төлеушінің

ЖСН (БСН), бюджеттік сыныптау кодының және мемлекеттік кірістер органы кодының цифрлық мәндері көрсетіле отырып, бюджетке төленетін төлемдердің атауы болады.

Шарттарда төлем ұйымының банктік шотынан көрсетілетін қызметті жеткізушінің банктік шотына ақша аудару тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ төлем ұйымына төлем қызметін көрсеткені үшін сыйақы беру тәртібі және төлем қызметін көрсетуге тарту талаптары көзделеді.";

1-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3 және 4-қосымшалар Тізбеге 4 және 5-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша алып тасталсын;

7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшалар Тізбеге 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

14 және 15-қосымшалар Тізбеге 12 және 13-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 14 және 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда 15-1 және 15-2-қосымшалармен толықтырылсын;

18-қосымша Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларында:

13-қосымшада:

Банк шотын пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер нысанына қосымшада :

9-тармақ "20 – алынған төлемдер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"21 – банкаралық төлем тапсырмасын ұсыну."

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
Қазақстан Республикасының
аумағында төлемдер мен ақша

аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне

1-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалына келіп түсті	
--	--

_____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ (жазылған күні)

№ _____ төлем тапсырма

Нақты төлеуші			

(атауы)			
ЖСН (БСН) _____			
Ақша жөнелтуші	ЖСК	АжК	Сомасы
_____		Резиденттік елі	
(атауы)	БСК		
ЖСН (БСН) _____	ЖСК	БеК	
Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы		Резиденттік елі	
_____	БСК		
Бенефициар	БСК		

(атауы)	БСК		
ЖСН (БСН) _____			
Нақты (түпкілікті) бенефициар			

(атауы)			
ЖСН (БСН) _____			
Бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы			

Делдал банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы			

Сомасы жазумен	

Тауардың алынған (жұмыстарды орындалған, қызметтің көрсетілген) күні _____ жылғы "____" _____	
Төлем мақсаты	Төлем белгілеу коды
_____	Бюджеттік сыныптау коды
_____	Валюталандыру күні

(тауардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауын, тауар құжаттарының нөмірлері мен күнін, шарттардың нөмірлері мен күнін және өзге деректемелерді көрсете отырып)	Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы жүргізген күн _____ жылғы "____" _____

Басшының (уәкілетті тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Қолы _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі,
аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____

Қолы _____

банкнің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жауапты орындаушыларының қолдары

Мөртабан орны

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
Қазақстан Республикасының
аумағында төлемдер мен ақша
аударымдарын жүзеге асыру
кезінде ISO 20022 халықаралық
стандартын қолдануға көшу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағында қолма-қол ақшасыз
төлемдерді және (немесе)

акша аударымдарын жүзеге
асыру қағидаларына
1-1-қосымша
Нысан

Банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент
банкiнiң филиалына келiп түстi

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ (жазылған күні)

№ _____ банкаралық төлем тапсырма

Ақша жөнелтуші		

банктің атауы		
Бенефициар		
банктің атауы		

Делдал банк	ЖСК	Сомасы
_____	БСК	
_____	ЖСК	
_____	БСК	
Сомасы жазумен	БСК	

Тауардың алынған (жұмыстарды орындалған, қызметтің көрсетілген) күні		
____ жылғы " ____ " _____		
Төлем мақсаты		
—	Төлем белгілеу коды	
_____	Валюталандыру күні	

(тауардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауын, тауар құжаттарының нөмірлері мен күнін, шарттардың нөмірлері мен күнін және өзге деректемелерді көрсете отырып)	Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң филиалы жүргiзген күн ____ жылғы " ____ " _____	

Басшының (уәкілетті тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Қолы _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі,

аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____

Қолы _____

Мөртабан орны

Ұлттық Банкі Басқармасының
Қазақстан Республикасының
аумағында төлемдер мен ақша
аударымдарын жүзеге асыру
кезінде ISO 20022 халықаралық
стандартын қолдануға көшу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағында қолма-қол ақшасыз
төлемдерді және (немесе)
ақша аударымдарын жүзеге
асыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалына келіп түсті	
---	--

_____ ЖЫЛҒЫ "____" _____ (жазылған күні)
№ _____ бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырма

Нақты төлеуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____ Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____ Резиденттік елі ____ Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы ____ Бенефициар ЖСК KZ24070105KSN0000000 ____ БеК 11 Бенефициардың банкі: "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі БСК ККМФКЗ2А	Сомасы ЖСК БСК	АжК
--	----------------------	-----

Барлығы (сомасы жазумен): _____

Бенефициардың (мемлекеттік кірістер органы) атауы	Мемлекеттік кірістер органының БСН-ы	Төлем белгілеу	Бюджеттік сыныптау коды	ТБК	Сомасы

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының
бейрезидент банкінің филиалы

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ жүргізді

Басшының (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____	(банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жауапты орындаушыларының қолдары)
қолы _____	
Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____	Мөртабан орны
қолы _____	

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
Қазақстан Республикасының
аумағында төлемдер мен ақша
аударымдарын жүзеге асыру
кезінде ISO 20022 халықаралық
стандартын қолдануға көшу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне

4-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағында қолма-қол ақшасыз
төлемдерді және (немесе)
ақша аударымдарын жүзеге
асыру қағидаларына

3-қосымша

Нысан

№ _____ ақша аударуға өтініш

Күні				
Нақты төлеуші (атауы)	ЖСН (БСН)			
А қ ш а жөнелтуші	ЖСК шотын дебеттеу			
Мекенжайы (жеке және заңды тұлғалар үшін) не ақша жөнелтушінің (жеке тұлға үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	ЖСК шотынан комиссия есептен шығарылсын			
Резиденттік елі				
ЖСН (БСН)		I	II	АжК

I Резидент- (1); Бейрезидент - (2);

II - Экономика секторы (0-9)

--	--	--	--

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы		Валюталандыру күні	
БСК			
Валюта	Сомасы	Сомасы жазумен	
Бенефициар		Шотты кредиттеу	ЖСК
Резиденттік елі			
		III	IV
ЖСН (БСН) (егер бар болса)		БЕК	

III Резидент- (1); Бейрезидент - (2);

IV - Экономика секторы (0-9)

Нақты (түпкілікті) бенефициар		
ЖСН (БСН)		
Бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы		Делдал-банк
Елі	БСК	БСК
Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының комиссиясы Ақша жөнелтушінің есебінен Бенефициардың есебінен		Делдал банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының комиссиясы Ақша жөнелтушінің есебінен Бенефициардың есебінен
Келісімшарттың нөмірі, күні		Төлем мақсаты
		ТБК
Ерекше талаптар		
Ақша жөнелтушінің қолдары		Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы жүргізген күн
Басшының (уәкілетті тұлғаның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)		

